

№1- тәжірибелік сабақ: Халықаралық саясатта методологиялық айтыс-тартыс

Жұмыстың мақсаты мен міндеті: Бұл тақырыпта халықаралық саясат ұғымының танымын үйренеді. Тарихи тұрғыдан халықаралық саясаттың дамуын түсіндіру мақсат етіледі. Дипломатия, халықаралық құқық, ұлыс мемлекет және егемендік ұғымдарының мағынасын түсініп, танымын жасай алады. Халықаралық саясаттың академиялық дисциплина ретінде даму үдерісінің теориялық және методологиялық айтыс-тартыстарын тұжырымдай алатын қабілет пен білімге ие болады.

Техникалық және инструментальдық құралдары: интерактивті тақта, проектор сызба – кестелер.

Тәжірибелік сабақ оқыту нәтижелері: оқу барысында халықаралық саясат, халықаралық құқық, дипломатия, ұлыс мемлекет, егемендік, күш, мүдде, анархия, талдау деңгейі секілді бағыттар бойынша жұмыс жасалады.

Оқытудың әдістері мен түрлері: баяндау, сұрақ–жауап, түсіндіру, кіріспе дәріс, пікір-талас.

Халықаралық саясат бір пән ретінде пайда болып, университеттерде халықаралық саясат немесе халықаралық саясат атты бөлімдер құрыла бастағаннан кейін академиялық әдебиеттерде үлкен өзгерістер бола бастады. Салаға қатысты теориялық және методологиялық ұстанымдар әртүрлі деңгейдегі ғылыми айтыс-тартыстардан туындай бастайды. Бүгінгі күнге дейін жеткен осы айтыс-тартыстарды былайша тізуге болады:

Классикалық реализм-идеализм тартысы: 1930 жылдар

Дәстүршілдер-Ұстанымшылдар тартысы: 1960 жылдар

Неореализм-неолиберализм тартысы: 1980 жылдар

Рационалист теориялар-рефлексивист теориялар тартысы: 1990 жылдар

1960 жылдарға келгенде Карл Деутшч, Давид Сингер, Джамес Росенау және Мортон Каплан бастаған ұстанымшылдар, классикалық реалистер мен идеалистерді дәстүршіл деп кінә артып, олардың қолданған әдістерін ғылыми емес дейді. Олардың ойынша, дәстүршілдер халықаралық саясаттағы оқиғаларды суреттеу, түсіндіру және болжау арқылы қолға алуда және осылайша субъективті тұжырымдар жасауда. Ұстанымшылдардың ойы бойынша статистикалық мәліметтер, сандық талдау техникалары мен компьютер қолданбастан алынған мағлұмат күмәнға жетелейді. Кантатиф (өлшеу арқылы қол жеткізілген құндылық/мән) мәліметтер пайдаланып және өзгерістердіандық

мағлұматтарға айналдырып формалды гипотезаларға қол жеткізу Ұстанымшылдар үшін өте маңызды болып табылады. Осылайша табиғи білімдерде болған секілді жалпы халықаралық саясат теориясына жетуді мақсат еткен ұстанымшылдар көбіне АҚШ-тағы халықаралық саясат зерттеулеріне айтарлықтай ықпал еткен.

Қырғи-қабақ соғыс кезінде және одан кейін халықаралық саясат

I-дүние жүзілік соғыстан кейінгі жаңа әлемнің тәртібі идеалистік қағидаларға негізделіп құрылды. В.Вильсонның либерал және демократиялық бір дүниені құру мақсатында айтылған теңіздерде еркін жүзу, ашық дипломатия, еркін сауда, қарусыздану, бейбітшілікті тұрақты ұстап тұратын халықаралық ұйым құру, отар елдердің өз тағдырын өздері шешу арқылы тәуелсіздікке қауышу бейбітшілікке жетудің жалғыз жолы деді.

АҚШ президенті Вудро Вилсонның 1918-де «14 принцип» негізінде Ұлттар Лигасы пікірін дүнияға паш еткен және 1919 ж. Париж конференциясында Ұлттар Лигасының жарғысы қабылданды. АҚШ сенаты бұл ұйымның ішінде АҚШ-тың мүше болуына қарсы болуы нәтижесінде АҚШ Ұлттар Лигасына мүше бола алмады. Ұлттар Лигасы 10 қаңтар 1920 күні Швецарияда ресми түрде құрылған кезде Еуропа концертті жүйесі секілді соғыста жеңіске жеткендердің және өздерінің статусын қорғау мақсатында еді.

Бұл ұйымның жарғысындағы 10 бапта «ұйым мүшелері барлық ұйым мүшелерінің территориялық тұтастығын және саяси тәуелсіздіктеріне құрмет көрсетеді және бұларды сырттан келетін қандай да болсын шапқыншылыққа қарсы қорғауға уәде береді» деп атап көрсетілген.

Алайда 1929 жылғы АҚШ-тағы дағдарыс бүкіл әлемді шарпиды. Еуропа елдері бұл дағдарыстан қатты зардап шегеді. Манжурия, Эфиопия басқыншылыққа ұшырайды. Ұлттар Лигасы басқыншыларды тоқтата алмайды. Ұлттар Лигасын дүниеге әкелген Канттық идеализм, күш пен мүддені көздеген Гоббстық реализмге жеңіліп қалады.

Ұлттар Лигасының ыдырауына себеп болған оқиалар: Испаниядағы азаматтық соғыс; КСРО-ның Финландияға шапқыншылығы; Жапонияның Манжурияны, Италияның Эфиопияны басып алуы; Боливия-Парагвай арасындағы Чако соғысы. Бұл Ұлттар Лигасының үш әлсіз(осал) жерлерінің болғанын көрсетеді: жарғы, саяси, құрылымдық.

Қырғи қабақ соғыс және одан кейінгі халықаралық саясат

Екінші дүниежүзілік соғыс Италия, Алмания және Жапониядан тұратын орталық мемлекеттердің одақтастарға қарсы соғыста жеңілуімен аяқталды. Қызыл әскер Берлинге шабуылы кезінде Польшаны басып алып, Балкан елдерін жаулап алды. Варшава Пакті құрамына кірген бұл аймақтағы мемлекеттерде Кеңес Одағының бақылауында социалист

режим құрылды. Жапонияның тағдыры өте ауыр болды. 6 Тамыз 1945 күні алғашқы атом бомбасын Хиросима қаласына Энола Гай атты ұшақ тастады. Екінші атом бомбасы үш күннен кейін Нагасаки қаласына тасталды. 100000 адам құрбан болды.

Соғыстан кейінгі әлем халықаралық саясатта **әлсіз(осал) екі полярлы жүйе** деп аталды. XX ғасырдың екінші жартысында Англияның жахандық күші азайып, Батыстың көшбасшылығын АҚШ қолына алды. КСРО соғыс кезінде өзінің ықпалына кіргізген мемлекеттердің лидері болып жаңа бір блок ретінде пайда болды. Пайда болған осынау жаңа халықаралық жүйенің **әлсіз** деп аталуының себебі АҚШ пен КСРО-ның жетекшілігіндегі блокқа көптеген мемлекеттер кіргенмен, біршама мемлекеттердің осы екі блоктың тысында қалып **Қосылмайтындар** деген атпен үшінші жолды таңдауы болып отыр. Қырғи қабақ соғыс кезеңін сәтті сипаттауымен көптеген сындарға карамастан өзектілігін жоғалтпаған теория Неореализм болды. 1970-жылдарда Кеннет Валтц, Хедлей Булл және Роберт Гилпин тарапынан жетілдірілген Неореалист теория халықаралық саясатқа қатысты құрылымдық-жүйелік анализ ұсынады. Неореализмде құрылымдық мағынада анархиялық бір халықаралық жүйенің бар екені және аты аталған жүйенің әрбір мемлекеттің сыртқы саясатының жинағынан тұрмайтынын, керісінше барлық мемлекеттердің ықпалдасуымен пайда болатын құрылым екені айтылуда. Классикалық реализм бұған карағар неореализм мемлекеттердің шынайы мақсатының күшке қол жеткізу емес, қауіпсіздіктерін қамтамасыз ету екендігін айтады. 1960 жылдарда марксист және либерал құрылымдық теориялар, реалист теорияның экономиканы қауіпсіздік тақырыптарына қарай екінші сатыда көрген ұстанымдарын сынайды. Осыған байланысты неореализм мемлекеттің халықаралық саясаттағы негізгі актор болу позициясына қайтадан мән береді. Неореализмнің халықаралық саясатқа қосқан үлесі гегемония ұғымы болып табылады. Гегемонияны, «ең күшті мемлекеттің барлық жүйенің үстінде өзінің саяси үстемдігін құруы, жүргізуі және оны сақтап(қорғап) қалу жолындағы қалауы» ретінде сипаттауға болады. Қырғи қабақ соғыс кезеңін ең жақсы сипаттаған теория неореализм, АҚШ пен КСРО-ның осы кезеңдегі саясаттарын жүйе ішінде гегемонияға ұмтылу әрекеті ретінде сипаттайды.

Қырғи қабақ соғыстың аяқталуынан бүгінге дейінгі халықаралық саясат

КСРО-ның желтоқсан 1991-де ыдырауымен қырғи-қабақ соғыс бітті. КСРО-ның 1979- да Ауғаныстанды жаулап алуынан кейін әлсірей бастауы, 1980 жылы Шығыс Еуропа елдеріндегі социалистік режимдердің ыдырауы қырғи қабақ соғыс бітпей жатып теориялық дау-дамайлардың басталуына себеп болды. Рефлексивист ретінде танылған бұл теориялар сынау теориясы, постинституализм және әлеуметтік конструктивизм.

Бұл теориялар халықаралық саясаттағы, адамның ақылмен әрекет жасайтын жаратылыс екенін және адамның туындысы болып есептелетін мемлекеттің де барлық іс-қимылдарын саналы сараптаумен шешілуі мүмкін екендігін білдірген тұжырымдарын дұрыс еместігіне назар аударады. Бұл теориялар рационал ой-пікірге қарсы бір сын-пікір болғандықтан сынау теориясы деп аталады. Рефлексивист, немесе сынау теориясы, халықаралық саясатты тек қана мемлекет, жеке тұлға, құрылым (институт) не компания секілді акторлердің ұстанымдары(іс-әрекеттері) арқылы емес; сонымен қатар, ішкі саясатты қалыптастыратын әлеуметтік факторлер, акторлардың бір-бірі туралы ұғым-түсініктері секілді факторлар арқылы зерделейді. Бұл теория бойынша әлеуметтік шындық, табиғат шындықтарынан бөлек оны түсініп және жорамалдаушыдан тәуелсіз емес. Осыған байланысты бұл теориялар, сауалнама, статистикалық немесе бұқараның ой-пікірін білу секілді тәсілдердің әлеуметтік ғылымдарға енуін жақтаған институционалды сынға кереғар түрде сараптауды жасаушының тұжырымдарын талқыға салғанды жөн көреді.

Қырғи қабақ соғыстың бітуімен осыл екі полярлы жүйе де күйрейді. АҚШ-тың халықаралық жүйе ішінде ең маңызды гегемониялық күш ретінде қалыптаса бастауымен бірге өзіндік бір институционалды құрлым болған ЕуроОдақтың тысында БРИКС секілді аймақтық акторлер күшейе бастайды. Алайда бұл акторлер мен АҚШ арасында қырғи қабақ соғысқа ұқсас бір поляризацияның бар екенін айту қиын.

Деңгейлік тапсырмалар:

1–деңгейлік сұрақ. Халықаралық қатынастардың бір пән ретінде пайда болуын сипаттап көрсетіңіз. Идеализм көзқарасы реализмге қашан қалай жеңіліп қалды түсіндіріңіз.

1 –деңгейлік сұрақ. АҚШ президенті Вудро Вилсонның 1918-де «14 принципінің» Халықаралық саясаттағы орны мен маңызы.

1 –деңгейлік сұрақ. 1999 жылы көптеген мемлекеттер тарапынан қол қойылған Рим статусын ненің белгісі ретінде қарастыруға болады және оны сипаттап көрсетіңіз.

1 –деңгейлік сұрақ. Қырғи-қабақ соғыс кезінде және одан кейін халықаралық саясаттың қандай өзгерістерге ұшырағанын сипаттап көрсетіңіз.

1 –деңгейлік сұрақ. Гротиюстың көзқарастарын/түсіндіріңіз/ дұрысқа шығаратындай сипаттағы Рим статусы қашан қабылданды және оның маңыздылығын өз сөзіңізбен жазыңыз.

1 –деңгейлік сұрақ. Рефлексивист, немесе сынау теориясы Халықаралық саясаттағы орны мен маңызы Алғашқы халықаралық қатынастар кафедрасы қашан және қай жерде, қандай мақсатпен құрылғанын өз сөзіңізбен жазыңыз.

1 –деңгейлік сұрақ. Қырғи қабақ соғыс қашан бітті және халықаралық саясатқа тигізген әсерін тұжырымдаңыз.

2–деңгейлік сұрақ. Идеализм көзқарасы реализмге қашан қалай жеңіліп қалды түсіндіріңіз. Бодиннің айтуы бойынша егемендік не?

2–деңгейлік сұрақ. Гюго Гроттустың «әділ соғыс» қағидасын түсіндіріңіз 1815 жылы Вена конгресінің маңызын түсіндіріңіз

2–деңгейлік сұрақ. Халықаралық саясаттың дамуына Кант, Хоббес және Гроттис философияларының қосқан үлестерін айтыңыз.

2–деңгейлік сұрақ. Күш дегеніміз не?

2–деңгейлік сұрақ. Ханс Дж.Моргентаудың халықаралық саясатқа қосқан үлесі.

2–деңгейлік сұрақ. Томас Хоббестің халықаралық саясат біліміне деген ұстанымын өз сөзіңізбен жазыңыз. Екі полярлы жүйенің Халықаралық саясаттағы орны мен маңызы

2–деңгейлік сұрақ. Иммануэл Канттың халықаралық саясат біліміне деген ұстанымын тұжырымдаңыз. Золлверен деген не түсіндіріңіз

3–деңгейлік сұрақ. Вестфалия келісім-шартының Халықаралық саясаттағы орны мен маңызы Гюго Гроттустың халықаралық құқыққа қосқан маңызды үлесі.

3–деңгейлік сұрақ. Күштер тепе-теңдігі жүйесі және оның бұзылуы.

3–деңгейлік сұрақ. Self determinasyon-ның халықаралық саясаттағы орны мен маңызы. Идеализм-реализм пікірталасы және оның нәтижесі.

3–деңгейлік сұрақ. Халықаралық саясат қандай қарым-қатынастарды зертейтін сала екендігін анықтаңыз.

3–деңгейлік сұрақ. Халықаралық қатынастар тарихының бастауы саналған Пелопонесс соғысының пайда болу себебін анықтаңыз.

3–деңгейлік сұрақ. Күш тепе-теңдігі жүйесі дегеніміз не, тарихтан мысалдар келтіріп түсіндіріңіз. Халықаралық саясат сөзіне анықтама

беріңіз.

3–деңгейлік сұрақ. Ұлт пен ұлыстарға self determinasyon хаққын беру дегенді қалай түсінесіз?

ОБӨЖ тапсырмалары: Халықаралық саясатта методологиялық тартыс туралы жазыңыз.

БӨЖ тапсырмалары: Қырғи-қабақ соғыс кезінде және одан кейін халықаралық саясат.

Негізгі әдебиеттер:

- 1.Халықаралық қатынастар теориясының тарихы, 2017, Торбьорн Л.
- 2.Векторы внешней политики, 2017, К. Токаев
- 3.Diplomasi, 2015, H. Kissinger.
- 4.Uluslararası İlişkiler ve Dünya siyaseti, 2014, P. R. Viotti, M. V. Kauppi.
- 5.Yumusak guc kavrami ve dis Politika, 2013, N. Anaz.
- 6.Uluslararası ilişkilerde temel kavramlar, 2013, M. Griffiths, T. O'Callaghan,
- 7.C. S. Roach Ұлы конвергенция: Азия,Еуропа және біргеі әлем логикасы, 2017, М. Кишор
- 8.Бітімгер: Сирия түйіні.Дипломаттың жазбалары, 2017, Н. Онжанов
- 9.Avrasya Çıkmazı Yeni büyük oyunu kim kazanacak? 2015, O. Gafarlı
- 10.Weber, Habermas ve Avrupa Devletinin dönüşümü.Anayasal,sosyal ve uluslarüstü demokrasi, 2015, J. P. Cormick
- 11.Rus Dış Politikasında Stratejik, 2014, Halit Mammadov